Ш.ЕСЕНОВ атындағы
КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

Ғылыми кеңестің шешімімен
(21.09.2017 № 1 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

МАМАНДЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ОҚУ ЖОСПАРЫН ДАЙЫНДАУ

АКТАУ 2017

1. Мақсаты мен қолдану саласы

1.1 Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде (бұдан әрі – КМТИУ, университет) мамандықтың негізгі оқу жоспарын жасақтау тәртібін анықтайды.

1.2 Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) университет ішінде пайдалануға арналған.

2. Жалпы ережелер (дайындау, келісу, бекіту және сақталутәртібі)

2.1 Бакалавриат бойынша білім бағдарламасындағы теориялық оқытудың еңбек сыйымдылығы оқу пәндерінің тізбесімен анықталады. Негізгі оқу жоспары (бұдан әрі - НОЖ) мына бөлімдерден тұрады:

1. теориялық оқыту;
2. кәсіптік тәжірибе;
3. оқытудың қосымша түрлері;
4. қорытынды аттестаттау.

Бакалавр дәрежесін алу үшін студент теориялық оқудың кемінде 129 кредитін және кәсіби практиканың кемінде 6 кредитін игеруі тиіс (бір семестрде 18-21 кредит).

Негізгі оқу жоспарын әзірлеуде мамандық бойынша анықталған құзыреттер (Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелеріне, жұмыс берушілер мен бітірушілердің ұсыныстарына сәйкес) назарға алынады. Болашақ маманның жалпымәдени және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған модульдер (пәндер) Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мамандық бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңес және университеттің Ғылыми кеңесінің шешімдеріне сәйкес енгізілуі мүмкін.

2.2 Теориялық оқудың 129 кредиті: мемлекеттік міндетті модульден 9 кредит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы (3 кредит), Философия (3 кредит), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (3 кредит); Коммуникативтік модульден 16 кредит: қазақ (орыс) тілі (6 кредит), шетел тілі (6 кредит), кәсіби қазақ (орыс) тілі (2 кредит), кәсіби-бағытталған шетел тілі (2 кредит); жоғары оқу орнының элективті модулінен 7-9 кредит; кәсіби модульдер блогынан (78-82 кредит) тұрады.

Әр оқу пәнінің көлемі 3 кредиттен кем болмауы тиіс. Ерекше жағдайда пәнді 2 кредитпен бағалауға жол беріледі.

2.3 Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар білім алушылар үшін жеделдетілген оқу мерзімі қысқартылған оқу бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады. Осыған қатысты көлемдерінің жеткіліктігі және білім беру бағдарламасының сабақтастығы шартымен кредиттерді қайта есептеу және бұрын игерген пәндерді есепке алу жүзеге асырылады және дипломға қосымшалар негізінде айқындалып, білім алушылардың пререквизиттері ескеріле отырып, кәсіби модульдер блогы мен жеке білім траекториясының модульдеріне (ЖБТ) сәйкес дайындалады.

2.4 НОЖ әзірлеуде жауапты кафедралар анықтаған құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламаларының құраушы бөліктеріне (модульдерге, пәндерге) сәйкес матрицасы басшылыққа алынады.

Модульдерді (пәндер тізімін) кафедра өз бетінше факультеттің оқу-әдістемелік бюросымен келісе отырып анықтайды. Әрбір модуль қайталанбайтын бір атаумен берілуі керек. Осы анықталған модульдерді (пәндерді) барлық мамандық білім алушылары оқып үйренуі міндетті болып есептеледі.

Бір модульдік уақыт ішінде өтілетін пәндерді таңдағанда, олардың мазмұндары бір-бірімен тығыз байланысты болып келетін пәндерді іріктеу қажет. (Студент объективтік бір құбылыстың өзін әр ғылымның пәндік жүйесіне сәйкес дербес объектілер есебінде аңғарып, түсініп, талдап үйрену үшін).

Білім беру бағдарламасының әрбір модулі оқытудың белгілі нәтижелеріне, яғни құзыреттілікке қол жеткізуге бағытталған. Бұл ретте модульдер пәндердің мазмұндық бірлігі негізінде «көлденең» немесе «тік» сызба бойынша құрастырылуы мүмкін. «Көлденең» модульде барлық құрамдас пәндер параллель оқытылуы мүмкін білім беру нәтижелеріне тең дәрежеде және біршама тәуелсіз қызмет етеді. «Тік» модуль іргелі және жалпы кәсіби деңгейден арнайы тар қолданбалы деңгейге дейін белгілі бір білім беру нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған бірінен кейін бірі (ретімен) оқытылатын пәндерді қамтиды.

2.5 Негізгі оқу жоспарындағы 15-16 кредит жеке білім траекториясына (ЖБТ) бөлінеді. Бір білім беру траекториясы (элективтік кәсіби пәндер жиынтығы) мамандық шеңберіндегі бір білім беру бағдарламасына теңестіріледі. Осыған сәйкес ЖБТ-ға атау беріледі. Жеке білім траекториясын жасауда әлемдік практикалар мен жұмыс берушілердің, бітірген түлектердің кеңесін ескере отырып, кафедраның ғылыми-ізденушілік, қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық даму бағыттарына сәйкес ұсынылатын пәндерді қарастыру қажет.

Дене шынықтыру, тілдік пәнді қоспағанда, басқа әрбір оқу пәні қайталанбайтын бір атауға ие болуы тиіс. Оқыту нәтижелерін қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттерді қалыптастыратын білім бағдарламаларында өзара айырмашылық болу керек.

НОЖ-да бір модульдің көлемі 3 және одан да көп қазақстандық кредитті құрайды және екі немесе одан да көп оқу пәндерін қарастыруы мүмкін. Пәндерге 2-3 және одан жоғары кредиттер бөлінеді, көлемі 1 кредиттік пән қарастырылмайды.

НОЖ әзірлеушілер (зертханалық жұмыстарды жоспарлағанда, әсіресе жаратылыстану мамандықтары) бірнеше білім траекториясын ұсынып, дәріс+семинар/тәжірибелік+зертханалық сабақтар бойынша кредиттердің әр пәнге бөлінуін анықтайды.

2.6 Оқу жоспарында семестрлерге компоненттерді бөлгенде пәндердің логикалық тізбектілігі сақталуы тиіс.

2.7 Студенттің апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда), осы ретте теориялық оқудың 1 кредиті 45 сағатқа тең (15 сағаты оқу сабағы және 30 сағаты өзіндік жұмысы), тәжірибенің 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы оқу тәжірибесі үшін 15 сағатты (50 минуттан), педагогикалық тәжірибе үшін 30 сағатты (50 минуттан), өндірістік тәжірибе үшін 75 сағатты (50 минуттан) құрайды.

2.8 ECTS кредиттерін Қазақстан Республикасының кредитіне қайта есептеу әрбір пән бойынша 1,5-тен 1,8 шегінде ECTS-тің 1 кредитін толтыруға байланысты ауыстыру коэффицентіне ECTS кредиттерін бөлу арқылы жүзеге асырылады.

ECTS бір оқу жылындағы оқу жұмысының жиынтық еңбек сыйымдылығын 60 кредитпен (бір семестрде 30 кредитті жинайды) бағалайды.

2.9 Бакалавриатта әрбір академиялық сағат дәрісттік, тәжірибелік (семинарлық) және студиялық сабақтарға қоса міндетті түрде 1 сағат студенттің өзіндік жұмысы жүргізіледі. Сондықтан Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде бір кредиті 45 академиялық сағатқа, ECTS-тің 1 кредиті 25-30 академиялық сағаттарға, ал бір академиялық сағат 50 минутқа тең. Сонымен қатар, студиялық сабақтар үшін академиялық сағат 75 минутқа, зертханалық сабақтар мен дене шынықтыру сабақтары үшін 100 минутқа тең.

ҚР кредитін ECTS бойынша қайта есептеу

ҚР кредиті	ECTS кредиті
1. Пәндер	
1	2
2	3
2	4
3	5
4	6
4	7
5	8
5	9
6	9
6	10
2. Тәжірибелер	
2.1 Оқу	
2	1
4	2
2.2 Педагогикалық	
1	1
2	2
3	3
2.3 Өндірістік	

1	3
2	5
3	8
4	10
3. Мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) жазу және қорғау	
1	3
2	6
4. Дене шынықтыру	
2	3

2.10 Негізгі оқу жоспарындағы тәжірибе түрі әр мамандықтың өз ерекшілігіне сәйкес анықталады. Педагогикалық мамандықтар үшін кәсіби тәжірибеге 13 кредит бөлінеді: 1-курста 2 кредит оқу тәжірибесі, оқудың барлық кезеңі ішінде әрбір курста әрбір семестрде 1 кредиттен педагогикалық тәжірибе (7 кредит), 4-курста 4 кредит өндірістік/дипломалды тәжірибе. 5В011900-Шет тілі: екі шет тілі мамандығы үшін қосымша тілдік тәжірибеге 4 кредит бөлінеді.

Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, техникалық ғылымдар және технологиялар, жаратылыстану ғылымдары, құқық, гуманитарлық ғылымдар бағыттардағы мамандықтар үшін кәсіби тәжірибеге 10 кредит бөлінеді: 1-курста 2 кредит оқу тәжірибесі, 2 және 3-курстарда 2 кредиттен өндірістік тәжірибе, 4-курста 4 кредит өндірістік/дипломалды тәжірибе. 5В020900-Аударма ісі мамандығы үшін қосымша тілдік тәжірибеге 4 кредит бөлінеді.

Диплом алды тәжірибеге ғылыми жетекшілікті дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі жүзеге асырады.

Диплом жұмысынан босатылған студенттер дипломалды тәжірибенің орнына өндірістік тәжірибесін жалғастырады.

2.11 Негізгі оқу жоспарын кафедра меңгерушісі мен жетекші оқытушылар дайындайды. Негізгі оқу жоспары факультетте талқыланып, оқу-әдістемелік бөлім тарапынан МЖМББС, типтік оқу жоспары, нормативтік құжаттарға сәйкестігі тексеріледі.

2.12 Оқу-әдістемелік бөлім басшысы мен оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен келісіліп, негізгі оқу жоспары университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

2.13 Негізгі оқу жоспарының түпнұсқасы оқу-әдістемелік бөлімде сақталады.

3. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

3.1 Негізгі оқу жоспары жойылғанша немесе жаңасымен алмастырылғанша күшін сақтайды.

3.2 Негізгі оқу жоспарына өзгерістер Ғылыми кеңес шешімдерімен енгізіледі.

3.3 Жалпы міндетті білім беру стандартына, құзыреттерге негізделген білім беру бағдарламасына сәйкес негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу ағымдағы оқу жылының қаңтар айында кафедра отырысында талқыланып, ақпан айынан кешіктірілмей кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі, факультет кеңесінің қарауына ұсынылады.

3.4 Факультеттің кеңесі хаттамасының көшірмесі негізінде оқу жылының ақпан айына дейін негізгі оқу жоспарына өзгерістер енгізу жөнінде Ғылыми кеңесте талқыланып, шешім қабылданады.

3.5 Негізгі оқу жоспарына енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сақталынады. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік бөлімнің мамандары құрылымдық бөлімдерде өзгертілген данасын таратады.

4. Жауапкершілік және өкілеттілік

4.1 Әзірленген негізгі оқу жоспарының мазмұнына және талаптардың орындалуына мамандық шығарушы кафедра меңгерушісі жауапты.

4.2 Ереже талаптарының орындалуына оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор жауапты болып табылады.

4.3 Ереже университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады.

4.4 Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Ғылыми кеңес төрағасы тарапынан бекітіледі.

5. Келісу, сақтау және тарату

5.1 Ереженің тиісті құрылымдық бөлімдерге жіберу жауапкершілігі университет кеңсесіне жүктеледі.

5.2 Ереженің түпнұсқасы университет кеңсесінде сақталады.

Қосымша

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және нжиниринг университеті
Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh.Esenov

Оқыту түрі: күндізгі
Форма обучения: очная
Program: Full-time
Оқу мерзімі: 4 жыл
Срок обучения:4 лет
Period of study: 4 years

Түскен жылы 2017
Прием 2017 года

Admission 2017

ҚР МЖМБС негізінде құрастырылды
Составлен на основании ГОСО РК
Designed on the basis of SOCES
Мамандығы:
Специальность:
Program:
Берілетін дәреже:
Присуждаемая степень:

Conferred degree:

БЕКІТІЛДІ / УТВЕРЖДЕН / APPROVED
Ш.Есенов атындағы КМТИУ ғылыми кеңес шешімімен
Решением ученого совета КГУТИ имени Ш.Есенова
The Academic Council of CSUTE Sh.Esenov
от / dated "____ "_____ 201__ж./г./ү.
Хаттама / Протокол / Protocol №___

Ғылыми кеңес төрағасы/Председатель ученого совета/
Chaiman of the academik council
_____ В.В. Ахметов/Б.Б. Ахметов/B.B. Akhmetov

Модуль атауы / Наименование модуля / Title of module	**Пән коды /код дисциплин / Code of disciplines**	**Пәннің (модульдің) атауы мен қызмет ету түрлері/ Название дисциплины (модуля) и видов деятельности/ The title of the discipline (module) and activities**	**Кредит саны / Кол-во кредитов / Number of credits**		**Компонент/ Component**	**Үлестірілуі/ Распределение / Distribution**	**Семестр/ Term**
			ҚР	**ECTS**			
1. Мемлекеттік міндетті модуль (9 кредит)/ Государственный обязательный модуль (9 кредитов)/ State obligatory module (9 credits)							
	БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:						
1.2 Коммуникативтік модуль (16 кредит)*/ Коммуникационный модуль (16 кредитов)*/ Communication module (16 credits)*							
	БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:						
2. ЖОО электив модулі							

(11 кредит) / Элективный модуль ВУЗа (11кредитов)/ Elective module of the university (11 credits)							
		БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:					
3. Кәсіби модульдер блогы (78кредит)/ Профессиональный блок модуля (78кредитов) / Professional module unit (78 credits)		Модуль/Module-					
		Модуль/Module-					
		Модуль/Module-					
		БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:					

3.2 Жеке білім траекторияларының модульдері (ЖБТ)/ Модули индивидуальных образовательных траекторий (ООТ)/ Modules of individual education trajectory (PET)

ЖБТ (15 кредит)/ ООТ (15 кредит)/ PET (15 credits)		ЖБТ1/ ООТ1/ PET1		ЖБТ2/ ООТ2/ PET2	ҚР	ECTS	ТК/ КВ/ ECC	Үлестірілуі/ Распределение/ Distribution	Семестр/ Term
	Пән коды /код дисциплин / Code of disciplines		Пән коды /код дисциплин / Code of disciplines						
		Модуль/Module-		Модуль/Module-					

		БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:					
БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:							
ҚОТ/ДВО/ATL	**Тәжірибе/практика/Internship**						
	БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:						
КМА/ ИГА/ FSA							
	БАРЛЫҒЫ/ ИТОГО/ TOTAL:						

Келісілген/ Согласовано / Agreed:

ОІ жөніндегі проректор
Проректор по УР _____
Vice-rector on educational work

ОБ басшысы
Начальник УО _____
Head of ED

Әзірленген/ Разработано/ Designed by:

Факультет деканы
Декан факультета _____
Department dean

Кафедра меңгерушісі
Заведующий кафедрой _____
The head of sub-department